

БЕКІТЕМІН

Ж.Бәрібаев ао мектеп директоры

Н.Г. Денгелбаева

«2» 08 2024ж

«Ж.Бәрібаев атындағы орта мектебі МДШО» МКМ-нің 2024-2025 оқу жылындағы мектепалды даярлық тобының жүзеге асыратын жұмыс (үлгілік) оқу жоспары

Мектепалды даярлықты ұйымдастыру Балаларды мектепалды даярлау бес жастан бастап жалпы білім беретін мектептердің, лицейлердің және гимназиялардың мектепалды сыныптарында немесе отбасында жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес жалпы білім беретін мектептердің (лицейлердің, гимназиялардың) мектепалды даярлық сыныптарындағы тәрбиелеу-білім беру процесі **1 қыркүйектен 31 мамырға дейін** (Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру кезеңі) жүзеге асырылады. Оқу жылы ішінде мектептің ішкі тәртіп ережелеріне сәйкес каникулдар белгіленді. (2025 жылдың ақпан айының 10-14 аралығы) Білім берудегі сабақтастық оқушының бір білім деңгейінен екіншісіне ауысқан кезінде психологиялық және педагогикалық дайындығын қалыптастыруға бағыттталып, толыққанды дамуын қамтамасыз етеді. Мектепке дейінгі және бастауыш білім беру деңгейлері арасындағы сабақтастық білім беру процесінің әдіснамасы мен мазмұнының үздіксіздігі мен бірлігі, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығына мүмкіндік беретін білім алушылардың білімі мен дағдыларын кезең-кезеңімен арттыру болып табылады. Бастауыш мектеп баланың одан әрі жан-жақты дамуы үшін мектепке дейінгі білім беру нәтижелеріне сүйенеді. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары бастауыш білім беру мазмұнымен сабақтастықты қамтамасыз ететін ұйымдастырылған іс-әрекеттің мынадай түрлерін қамтиды: коммуникативтік («Сөйлеуді дамыту», «Көркем әдебиет», «Қазақ тілі»), коммуникативтік және танымдық («Сауат ашу негіздері»), танымдық және зерттеу («Математика негіздері», «Қоршаған ортамен таныстыру» («Сурет салу», «Музыка», «Жапсыру»))

Мектепалды даярлық топтарында тәрбиелеу-білім беру әрекеті:

- 1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген.
- 2) Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы № 385 бұйрығы бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі,

бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, мамандандырылған, арнаулы білім, жетім балалар мен ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған білім беру ұйымдарында, балаларға және ересектерге қосымша білім беру ұйымдарының үлгілік қағидаларының 1-қосымшасына (Пормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген)

3) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы № 557 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларына (Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 17 қаңтарда № 8275 тіркелді)

4) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген)

5) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары
(МАД тобы)

Рет№	Ұйымдастырылған іс-әрекет*/ Балалардың іс-әрекеті	Аптадағы өткізу жиілігі	Аптадағы нормативтік жүктеме
1	Дене шынықтыру		3 сағат
	Дене шынықтыру**	күн сайын	
2	Сөйлеуді дамыту		2 сағат
	Көркем әдебиет		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті	күн сайын	
	Қазақ тілі		2 сағат
	Қазақ тілі***	күн сайын	
3	Сауат ашу негіздері		3 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет	күн сайын	
4	Математика негіздері		3 сағат
	Танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті	күн сайын	
5	Қоршаған ортамен таныстыру		2 сағат
	Қарым-қатынас іс-әрекеті, танымдық іс-әрекет, зерттеу іс- әрекеті, еңбек іс-әрекеті	күн сайын	
6	Сурет салу		
	Мүсіндеу		1 сағат
	Жапсыру		
	Құрастыру		
7	Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті	күн сайын	
	Музыка		2 сағат
	Музыка****	күн сайын	
8	Барлығы		20 сағат